

«Келісіді»

Облыстық психикалық денсаулық орталығы

Басшының м.а.

Г.Кахарова

19 маусым 2023 ж

Түркістан облыстық психикалық денсаулық орталығы кәсіпорын қызметкерлерін
қамти отырып өткен жиналыстың
ХАТТАМАСЫ №03

Шымкент қаласы

19 маусым 2023 жыл

Төрағасы: Б.Махан – кәсіпорын заңгері

Хатшы: Адилбаев Д – кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызмет функцияларын орындайтын маман

Қатысқан адамдар саны: 35

Күн тәртібінде: Заңнамаларға түсіндіру жұмыстары

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңы (2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ);

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі (ҚР Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі №226- V ҚРЗ);

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР-ның Кодексі (2014 жылғы 5 шілдедегі №235- V ҚРЗ);

Тыңдалды: Махан Б, Адилбаев Д

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР-ның Кодексі тоқтала өтіп түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

«Шешімін талап ететін проблемалар» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндамашы қазіргі таңда шешімін таппаған сұрақтар мен проблемалардың бар екендігі жайлы айтып кетті. Сыбайлас жемқорлық проблемасы барлық елдерде бар, ол әлеуметтік – экономикалық ілгерілеуді баяулатып, тек өзіне тән көріністермен және ауқымымен ерекшеленеді. Қазіргі таңда заң аясында көптеген жұмыстар атқарылып, көптеген адамдар жауапқа тартылып жатқандығын ескеретін болсақ, сонда да елімізде жемқорлық дерті өршіп тұрғандығы айтылды. Жемқорлық бойынша тек бір тарап қана емес екінші тарапта жауапты екендігі туралы айтылды. Алдын алу – профилактикалық жұмыста да жүйелік жоқ. Осы орайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган үшін қылмыстық қудалауға қарағанда, сыбайлас жемқорлық көріністерінің себептері мен жағдайларын айқындау мен жоюға бағытталған алдын алу шараларын әзірлеу және қабылдау басымдық болуы тиіс екендігі туралы тоқталып кетті.

Шешім:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша жоспардағы бірінші тоқсандағы түсіндіру іс-шаралары қанағаттанарлық деп табылсын.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстар одан ары қарай жандандырылсын.

Төраға: Махан Б

Хатшы: Адилбаев Д